

**Сарысу ауданы бойынша коммуналдық
қалдықтардың түзілу және жинақталу
нормаларын және тұрмыстық қатты қалдықтарды
жинау, әкету тарифтерін бекіту туралы**

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2018 жылғы
11 қыркүйектегі № 38-3 шешімі. Жамбыл облысы Әділет
департаментінде 2018 жылғы 10 қазанда № 3961 болып
тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
22.10.2018 ж.

РҚАО-ның ескертпесі.

*Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен
орфографиясы сақталған.*

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы
Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2)
тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті
мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы"
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы
Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына,
"Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу
нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту
туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығы (Қазақстан
Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 29
желтоқсанда № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты
қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта
өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу
әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404
бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігінде 2016 жылы 4 қазанда № 14285 болып
тіркелген) Сарысу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарысу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1
қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Сарысу ауданы бойынша тұрмыстық қатты
қалдықтарды жинау, әкетуге арналған тарифтері осы
шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық
мәслихаттың экономика, қаржы, бюджет, агроөнеркәсіп
кешені, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану,

жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының* *Ғ.*
төрағасы *Қанатбеков*

*Аудандық мәслихат
хатшысының*
міндетін атқарушы *Б. Дондаұлы*

Сарысу
аудандық
маслихатының
2018 жылғы 11
қыркүйектегі
№ 38-3
шешіміне 1
қосымша

Сарысу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Нормасы, жылына 1 есептік бірлік текше метрге
1	Тұрмысқа жайлы иеліктегі үйлер	1 тұрғын	1,8
2	Тұрмысқа жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,9
3	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1
4	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлер	1 орын	0,64

5	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,39
6	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,97
7	Емханалар	1 адам	0,085
8	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек- орын	1,2
9	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,3
10	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	1,07
11	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,37
12	Мұражай, көрмелер	Жалпы алаңның 1 м ²	0,07
13	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,06
14	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,06
15	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м ²	0,8
16	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м ²	0,25

17	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,6
18	Базалар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,27
19	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,34
20	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,21
21	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,6
22	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,5
23	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2	1
24	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,4
25	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	2
26	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,1
27	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,15
28	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,01

29	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,5
30	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,85
31	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,95
32	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,41
33	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,80
34	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,04

Сарысу аудандық
маслихатының
2018 жылғы 11
қыркүйектегі
№ 38-3
шешіміне 2
қосымша

Сарысу ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкетуге арналған тарифтері

№	Атауы	Теңге
1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету		
1.1	Жеке тұлғалар үшін 1м ³	2300

1.2	Тұрмысқа жайлы иеліктегі үйлер бір адамға	100
1.3	Тұрмысқа жайлы емес үйлер бір адамға	150
1.4	Заңды тұлғалар үшін 1м3	3500